

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі МЖМБС-ның, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген үлгілік оқу жоспарлары білім беру ұйымы бекіткен ережелермен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздагы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

25. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздагы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме үлттық білім беру деректер базасында өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда ақпараттар жүйелерін автомагтандырылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

28. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі.